



Сарыағаш ауданы әкімдігі

ДИПЛОМ

**2021 жылдың қорытындысы бойынша
ауданның әлеуметтік-экономикалық
дамуына қосқан ерекше үлесі үшін
«Жылдың үздік мектебі»
номинациясымен**

№74 жалпы орта мектебі

марапатталады.

Аудан әкімі

М.Б.Отаршиев

Сарыағаш қаласы
Желтоқсан, 2021 жыл



ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК
МЕКТЕБІ

САРЫАҒАШ
2021 ЖЫЛ

жол, дәл, мәселен, жеткізу қызметінің жұмысында (әрбір курьерді терминналмен қамту қажет емес), көшпелі іс-шараларда, мейрамханалар мен дәмханаларда қызмет көрсетуде

500 мың теңге) болған кезде ғана беретінінде. Ал, егер мұндай айналым болмаса, онда кәсіпкердің құрылымын өзі сатып алуына тура

оны онлайн аша алады. Nalyk Post сервисіне сонымен қатар басқа байқтердің кәсіпкер клиенттері де қосыла алады.

Елена ТУМАШОВА

Atameken Business Telegram-арнасына жазылып, өзекті ақпаратты бірінші болып алыңыз.



Төрт оқушы жеңімпаз атанды!

Сарытағаш ауданының 4 оқушысы олимпиада жеңімпазы атанды. Олардың қатарында Шәкәрім атындағы №27 жалпы орта мектебінің шәкірті Абылай Жолдасбек, М.Мақатаев атындағы №38 жалпы орта мектебінің оқушысы Сәтбай Бағдат және №74 жалпы орта мектебінің оқушылары Маржан Сейдрахим мен Мағжан Оңлабек бар.



Олар Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, «Qanat білім беру қоры» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен облыстық олимпиада ойындарының іріктеуінен өтіп, «IQanat» республикалық олимпиадасының жолдамасын жеңіп алды. Жолдама алған оқушылар 10-11-сыныптарда аталған мектепте тегін және халықаралық стандарттармен білім алатын болады.

Олимпиадаға қатысу үшін ауданнан 791 оқушы онлайн режимінде өтініш берген. Оның 239-ы аудандық турдан өтсе, облыстық турдан 12 оқушы іріктеліп,

үшінші республикалық турға жолдама алды.

Айта кетейік, аталған олимпиада ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары арасында математика, физика, ағылшын тілі, әдебиет пәндері бойынша әр жарты жыл сайын өткізіледі. Республикалық олимпиаданың мақсаты – ауылды жерлердегі зерек балаларды қолдау, олардың отандық және шетелдік университеттерде білім алуына мүмкіндік беру.

Түркістан облысы әкімінің
баспасөз қызметі.

● Бәрекегелді!

Түлкібас ауданы, Шұқырбұлақ ауылының 5 жастағы тұрғыны Еркеназ Ерғазы «Қазақстан» ұлттық арнасының ұйымдастыруымен өткен «Айгөлек» балалар ән-байқауына қатысып, дипломант атанды. Құрамында дәстүрлі әнші Ерлан Рысқали, эстрада әншісі Жазира Байырбекова бар қазылар алқасы байқауға қатысушылардың өнерлерін таразыға салып, бағаларын берді.

Еркеназ

«Айгөлектің» дипломанты



Еркеназ алғашқы турда Мақпал Жүнісованың репертуарындағы «Өмір неткен тамаша», екінші турда «Жаным қазақ» әнін жанды дауыста нақышына келтіре шырқаса, соңғы турда мультфильм кейіпкері Машаның образына еніп, орысша ән орындады. Оның продюсері әпкесі – Аяулым.

5 жасар бүлдіршіннің ата-анасы Ерғазы мен Эльмира – білікті ұстаздар. Көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан қыздарының ерекше қабілетін байқаған ата-анасы оған барынша қолдау жасап, келешегінен үлкен үміт күтіп отыр.

Еркеназ Отбасы күніне орай «Еуразия» арнасындағы «QosLike» бағдарламасына шақырту алып, ағасы Ержанды туған күнімен құттықтап, өнер көрсетті. Жақында осы арнадан қайтадан шақырту алып, Мақпал

Жүнісованың репертуарынан ән шырқап, көрермендерді тәнті етті. Мақпал апайы бүлдіршіннің талантына риза болып, батасын берді. Атақты әнші оны үлкен концерттің қонағы болуға шақырды.

Сондай-ақ, Еркеназ Шәмші әндерінің концертіне де шақырту алды. Мақпал Жүнісова жас талантқа демеушілік жасап, шығармашылығын дамытуға көмектесетінін жеткізді. Жақында жас өнерпаздардың өнерін Ұлттық арнадан және «Балапан» арнасынан бүкіл ел тамашалайтын болады. Ата-ана, жақындарын мерейлі етіп, ауданының абыройын асқақтатқан әнші балапанға болашағың жарқын болсын демекпіз.

Айгүл СҮНДЕТОВА.
Түлкібас ауданы.




Газет 1929 жылдан шыға бастады
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сарыағаш

e-mail: gazeta.saryagash@mail.ru

Жұма, 13 қараша, 2020 жыл
 №46 (11774)

facebook: onl «САРЫАҒАШ»



Білімсіз адамгершілік
 молаймайды, білімсіз адам
 өзгенің абзал қасиеттерін
 тани алмайды. Жан-дүниені
 тәрбиелемей, үлкен жетістікке
 жету жоқ. Ғылым мен
 тәрбие ұштасса ғана рухани
 сауаттылыққа жол ашылмақ.
 Мінез-құлқын түзей алмаған
 адамның ақиқат ғылымға
 қолы жетпейді.

Әл-ФАРАБИ.

Семинар

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЭРТАРАПТАНДЫРУ - БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

● Жетістік

ТӨРТ ОҚУШЫ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, "Іqanat білім беру қоры" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен "Іqanat" республикалық олимпиадасы ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары арасында әр жарты жыл сайын 4 пән бойынша (математика, физика, ағылшын тілі, әдебиет) өткізіледі. Олимпиаданың негізгі мақсаты: ауылды жерлердегі зерек балаларды қолдау, олардың отандық және шетелдік университеттерде білім алуына мүмкіндік беру болып табылады. Бұл олимпиада облыстарда екінші рет өтуде. Сайысқа қатысу үшін аудан бойынша 791 оқушы онлайн режімінде өтініш берген болса, оның ішінде аудандық турдан 239, облыстық турдан 12 оқушы іріктеліп, республикалық турға жолдама алған.

Олимпиада нәтижесі бойынша Түркістан облысынан жалпы 8 оқушы өтіп, оның ішінде біздің ауданнан қатысқан 4 оқушы жеңімпаз атанып, Бұрабайда орналасқан «Іqanat high school» мектебіне жолдама алды. Атап айтқанда: Абылай Жолдасбек - №27 Шәкәрім атындағы жалпы орта мектебі, Маржан Сәйдрахим, Маржан Оңлабек - №74 жалпы орта мектебі, Бағдат Сәтбай - №38 М.Мақатаев атындағы жалпы орта мектебі.

Жеңімпаздар 10-11 сыныптарды аталған мектепте тегін және халықаралық стандарттармен білім алатын болады.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.